

Жарық ауылдық округінде ірі қара малы арасынан сарып ауруы шығуына байланысты шектеу қою туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 шілдедегі N 196 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 16 тамызда N 5-10-104 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 278 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2011.09.26 N 278 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағы 9) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарық ауылдық округіндегі ірі қара малдарының арасынан сарып ауруының тіркелуіне байланысты және оны ары қарай таратпай жою мақсатында Жарық ауылдық округіне шектеу қойылсын.

2. «Жарма ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің» ММ б а с т ы ғ ы (Ж . К а р и м о в) .

1) сарып ауруына қарсы сауықтыру шараларын ұйымдастырсын;
2) ауру ошағындағы барлық мал басының қозғалысы, көлемді мал азығының тасымалдануы тоқтатылсын, тек оларды етке союға жіберілген жағдайдан басқа.

3. Жарық ауылдық округінде ауру ошағы деп танылған қора жайларына залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, залалсыздандыру өткелдері (дезбарьер) ж а с а л с ы н .

4. «Жарма аудандық ішкі істер бөлімі» (О. Өтепов келісім бойынша) және ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарма аудандық аумақтық инспекциясы (Н. Қасқырбаев келісім бойынша) Жарық ауылдық округінен мал дәрігерлік құжатсыз мал басының кіріп шығу қозғалысына бақылау жасалуы ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А.

Т о қ т а р о в қ а

ж ү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымжанов

Келісілді:

Қ Р А Ш М А г р о ө н е р к ә с і п т і к
к е ш е н і н д е г і м е м л е к е т т і к
и н с п е к ц и я к о м и т е т і н і ң

Ж а р м а а у д а н д ы қ а у м а қ т ы қ
инспекциясының бастығы Н. Қасқырбаев

Ж а р м а а у д а н ы і ш к і і с т е р
бөлімінің бастығы О. Өтепов